

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қаржылық есептіліктің тізбесі, ұсыну мерзімдері және тәртібі, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының қаржылық есептілігін жариялау мерзімдері туралы" 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 36 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 9 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5696 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 25 ақпандағы № 11 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.02.25 № 11(қолданысқа 2011.07.01 енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ислам банктерін ұйымдастыру мен олардың қызметі және исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 12 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануына байланысты, исламдық банктердің қаржылық есептілігін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қаржылық есептіліктің тізбесі, ұсыну мерзімдері және тәртібі, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының қаржылық есептілігін жариялау мерзімдері туралы" 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4553 тіркелген; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4907 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қаржылық есептіліктің тізбесі, ұсыну мерзімдері және тәртібі, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептілігін жариялау мерзімдері туралы" 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 20 шілдедегі N 82 қаулысымен енгізілген толықтырулармен және өзгерістермен қоса) мынадай толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Исламдық банктің қаржылық есептілігі қосымша осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жасалатын инвестициялық депозиттердегі өзгерістер

жөніндегі есептен тұрады." ;
 7-тармақта "қосымшасына" деген сөз "2-қосымшасына" деген санмен және
 сөзбен ауыстырылсын ;
 мынадай мазмұндағы 1-қосымшамен толықтырылсын:
 " Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11
 қаулысына 1-қосымша

(исламдық банктің толық атауы)
 20__ жылғы "___" _____ аяқталатын кезеңге
 инвестициялық депозиттердегі өзгерістер жөніндегі есебі
 (мың Қазақстан теңгесімен)

	Бағалы қағаздар портфелі		Жылжымайтын мүлікке инвестициялар		Сауда қызметіне инвестициялар портфелі		Басқа да инвестициялар		Жиынтығы	
	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге
Кезең басындағы инвестициялар										
Инвестициялық депозиттерді қабылдау										
Инвестициялық депозиттерді алу										
Инвестициялық кіріс (зиян), оның ішінде										
әділ құны бойынша қайта бағалаудан										
Әкімшілік және өзге де шығыстар										
Банкке комиссия (банк кірісі)										
Кезең соңындағы инвестициялар										

Бірінші басшы _____ күні _____
 Бас бухгалтер _____ күні _____
 Орындаушы _____ күні _____

Телефоны

М ө р д і ң о р н ы " ;

қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышында "қосымша" деген сөз 2-қосымша" деген санмен және сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігіне және " Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Г. Марченко

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ а р ж ы н а р ы ғ ы н ж әне
қ а р ж ы ұ й ы м д а р ы н р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у
ж ө н і н д е г і а г е н т т і г і
Т ө р а й ы м Б а х м у т о в а Е . Л .

2009 жылғы 12 мамыр